

## МАЗМҰНЫ

1. НЕГІЗГІ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУЛЕР .....	169
2. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ .....	170
2.1 Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар .....	170
2.2 Пайдалану мақсаты .....	170
2.3 Пайдалану нұсқаулығы .....	171
3. КІРІСПЕ.....	171
3.1 Жақшадағы әріптер.....	171
3.2 Ақаулықтарды жою және жөндеу .....	171
4. СИПАТТАМА .....	171
4.1 Құрылғының сипаттамасы ....	171
4.2 Сенсорлы экранның сипаттамасы 171	
5. ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН.....	172
5.1 Құрылғыны тексеру .....	172
5.2 Құрылғыны орнату.....	172
5.3 Құрылғыны жалғау .....	172
5.4 Құрылғы параметрлерін орнату... .....	172
6. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ.....	173
7. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ .....	173
8. СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ .....	173
9. ТЕМПЕРАТУРАНЫ ОРНАТУ .....	173
10. АВТО ӨШІРУ .....	174
11. ӘДЕПКИ МӘНДЕР (ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ) .....	174
12. ҚУАТ ҮНЕМДЕУ .....	174
13. ДЫБЫСТЫ СИГНАЛ.....	175
14. RINSING (ШАЮ).....	175
15. КОФЕ ЖАСАУ .....	175
15.1 Кофе тартқышты реттеу .....	175
15.2 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер .....	175
15.3 Кофе дәндерінен кофе жасау .	176
15.4 Уақытша өзгеретін кофе дәмі.	176
15.5 Тартылған кофеден кофе жасау... .....	177
15.6 Дәм мен мөлшерді реттеу .....	177
16. КАППУЧИНО ЖАСАУ .....	178
16.1 Каппучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау .. 178	
17. ЫСТЫҚ СУ ҚҰЮ .....	179
18. ТАЗАЛАУ .....	179
18.1 Құрылғыны тазалау .....	179
18.2 Құрылғының ішкі айналымын тазалау .....	179
18.3 Тартылған кофе ыдысын тазалау 179	
18.4 Тамшы науасын және су жиналу науасын тазалау .....	180
18.5 Кофе құрылғысын ішін тазалау.... 180	
18.6 Су ыдысын тазалау .....	180
18.7 Кофе шүмектерін тазалау .....	180
18.8 Тартылған кофе воронкасын тазалау .....	180
18.9 Демдеу торын тазалау .....	180
19. ҚАҚ ТАЗАЛАУ.....	181
20. СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ .....	182
20.1 Су қаттылығын өлшеу.....	182
20.2 Су қаттылығын орнату.....	182
21. СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ .....	183
21.1 Сүзгіні орнату.....	183
21.2 Сүзгіні ауыстыру.....	183
22. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР.....	183
23. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ ..	183
24. ШАМДАР ТҮСІНДІРМЕСІ.....	184
25. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ .....	187

## **1. НЕГІЗГІ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУЛЕР**

- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға (балаларды қоса) немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілмейінше және олар бақыланбайынша пайдалануға болмайды.
- Құрылғымен ойнамауын қамтамасыз ету үшін балаларды қадағалау қажет.
- Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- Құрылғыны ешқашан суға батыру арқылы тазаламаңыз.
- Бұл тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Егер ашалы қосқыш немесе сым зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек тұтынушыларды қолдау қызметтері ауыстыруы керек.

### **ТЕК ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚҚА АРНАЛҒАН:**

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балалар 8 жастан аспаса және бақылауда болмаса орындамауы керек. Құрылғыны және қуат сымын 8 жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану

туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.

- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Құрылғы қараусыз қалатын кезде және оны құрастыру, оның бөлшектерін шешу немесе тазалау алдында оны әрқашан розеткадан ажыратып жүріңіз.



Осы таңбамен белгіленген беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

## 2. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

### 2.1 Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар

Маңызды ескертулер осы таңбалармен анықталады. Осы ескертулерді құрметтеу өте маңызды болып табылады.



**Қауіпті!**

Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.



**Маңызды!**

Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.



**Күйіп қалу қаупі бар!**

Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.



**Ескеріңіз:**

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды кеңесті немесе ақпаратты білдіреді.



**Қауіпті!**

Бұл – электрлік құрылғы, сондықтан ол электр тогына түсуге себеп болуы мүмкін.

Сондықтан, осы қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- Құрылғыны ылғал қолдарыңызбен немесе аяқтарыңызбен түртпеңіз.
- Сымды ешқашан ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Розетканың құрылғыны қажет кезде ажыратуға болатындай оңай қол жеткізетін жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.

- Тек ашалы қосқыштан ұстап ажыратыңыз. Ешқашан сымнан ұстап тартпаңыз, себебі оны зақымдауыңыз мүмкін.
- Құрылғыны толық ажырату үшін, оны розеткадан ажыратуыңыз керек.
- Егер құрылғы ақаулы болса, оны жөндеуге тырыспаңыз. Оны өшіру үшін розеткадан ажыратыңыз және тұтынушыны қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.
- Құрылғыны тазаламас бұрын, оны әрқашан розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.



**Маңызды:**

Барлық орам (пластик қалталар, полистирен көбігі) материалдарын балалардан аулақ ұстаңыз.



**Күйіп қалу қаупі бар!**

Бұл құрылғы ыстық су шығарады және пайдалану барысында ол бу қалыптасуы мүмкін.

Су шашырандыларынан немесе ыстық будан абай болыңыз.

Құрылғы қолданып жатқан кезде, кесе текшесі өте ыстық болуы мүмкін.

### 2.2 Пайдалану мақсаты

Бұл құрылғы кофе және ыстық сусындар дайындауға арналған.

Кез келген басқа қолдананыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі. Өнім жасаушысы құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын зақым үшін жауапты емес.

### 2.3 Пайдалану нұсқаулығы

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Мұндай пайдалану нұсқауларын елемей күйіп қалуға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

Өнім жасаушысы осы нұсқауды елемейден туындайтын зақым үшін жауапты болмайды.

#### **Ескеріңіз:**

Осы нұсқауларды болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз. Егер құрылғы басқа адамдарға берілсе, оларды осы пайдалану нұсқаулығымен бірге беру керек.

### 3. КІРІСПЕ

Осы дәннен эспрессо және капучино жасау құрылғысын таңдағаныңызға рахмет.

Жаңа құрылғыңызды рахатыңызға пайдаланасыз деп үміттенеміз. Осы пайдалану нұсқаулығын оқып шығуға бірнеше минут бөліңіз. Бұл барлық қауіп-қатерлер мен құрылғының зақымдануының алдын алады.

#### 3.1 Жақшадағы әріптер

Жақша ішіндегі әріптер 2-3-беттердегі "Құрылғы сипаттамасы" бөліміндегі шартты белгілерге сілтейді.

#### 3.2 Ақаулықтарды жою және жөндеу

Проблемалар болған жағдайда, алдымен оларды "24. Шамдар түсіндірмесі" және "25. Ақаулықтарды жою" бөлімдерінде берілген ақпаратты оқу арқылы шешу керек.


Егер проблема осылай шешілмесе және қосымша ақпарат талап етсеңіз, "Тұтынушыларды қолдау қызметі" қосымша парағында берілген нөмірге қоңырау шалу арқылы тұтынушыны қолдау қызметімен хабарласыңыз.

Егер еліңіз берілген елдер тізімінен табылмаса, кепілдікте берілген нөмірге қоңырау шалыңыз. Егер жөндеу қажет болса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерімен ғана хабарласыңыз. Мекенжайлар құрылғымен бірге берілген кепілдік куәлігінде берілген.

### 4. СИПАТТАМА

#### 4.1 Құрылғының сипаттамасы






(3-бет, А)


- A1. Дәндер ыдысының қақпағы
- A2. Тартылған кофе воронкасының қақпағы
- A3. Дәндер ыдысы
- A4. Тартылған кофе воронкасы
- A5. Тартуды реттеу дөңгелегі
- A6. Негізгі қосқыш
- A7. Демдеу торы
- A8. Демдеу торының қақпағы
- A9. Қуат сымы
- A10. Су жиналатын науа
- A11. Тартылған кофе ыдысы
- A12. Кесе науасы
- A13. Тамшы науасындағы су деңгейінің көрсеткіші
- A14. Тамшы науа торы
- A15. Тамшы науасы
- A16. Су ыдысының қақпағы
- A17. Су бағы
- A18. Су жұмсартқыш сүзгінің корпусы
- A19. Кофе шүмектері (биіктігі реттеледі)
- A20. Капучино жасағыш (алынбалы)
- A21. Ыстық су және бу түтігінің қондырмасы
- A22. Бу/ыстық су тетігі
- A23.  Түйме: құрылғыны іске қосу және өшіру (күту режимі)
- A24. Кесе текшесі

#### 4.2 Сенсорлы экранның сипаттамасы



(2-бет, В)

*Тақтадағы бірнеше белгішенің қос функциялары бар. Ол сипаттамада жақшалардың ішінде көрсетілген.*

- B1.  шамы жыпылықтайды: құрылғы қызуда
- B2.  жанады:
  - тұрақты жанады: тартылған кофе ыдысын (A11) орнына қойыңыз
  - жыпылықтайды: тартылған кофе ыдысын босату керек
- B3.  жанады:
  - тұрақты жанады: су ыдысын салыңыз (A17)
  - жыпылықтайды: ыдыстағы су жеткіліксіз
- B4.  жанады: жалпы дабыл
- B5.  шамы жыпылықтайды: құрылғы қағын тазалау қажет


B6.  : алдын ала тарту функциясы


B7.      : кофе дәмі

B8.   : дәм таңдау


B9. **2x** : екі кесе

B10.  : "Espresso" (Эспрессо)

B11.  : Espresso Lungo (Эспрессо-лунго)

B12.  : "Coffee" (Кофе)

B13.  : "Long" (Ұзын)

B14.  (ESC):

- тұрақты жанады: бу функциясын іске қосуға арналған (параметрлер мәзірінде болғанда: ағымдағы бағдарламадан шығу үшін басыңыз)
- жыпылықтайды: ыстық су/бу тетігі (A22) бұралуы керек

B15.  (OK): шаю циклін орындауға арналған.

(Параметрлер мәзірінде болған кезде: ағымдағы бағдарламаны растау үшін басыңыз)

## Керек-жарақтар сипаттамасы

(2-бет, С)

C1. Индикатор қағазы

C2. Тартылған кофе өлшеуіші

C3. Қақ тазартқыш

C4. Су жұмсартқыш сүзгі (кейбір үлгілерде ғана бар)

## 5. ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН

### 5.1 Құрылғыны тексеру

Орамды ашқан соң, құрылғы бөлшектерінің түгелдігін, зақымданбаған және барлық керек-жарақтардың (С) болуын тексеріңіз. Егер құрылғының зақымданғаны көрініп тұрса, оны пайдаланбаңыз. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

### 5.2 Құрылғыны орнату



#### Маңызды!

Құрылғыны орнатқан кезде, мына қауіпсіздік туралы ескертулерге назар аударуыңыз керек:

- Бұл құрылғы қызады. Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 3 см, ал кофе жасағыштың үстіне 15 см бос орын қалдырыңыз.

- Кофе құрылғысына кірген су оны зақымдауы мүмкін.

Құрылғыны шүмектерге немесе раковиналарға жақын қоймаңыз.

- Құрылғыдағы су қатып қалса, ол зақымдануы мүмкін.

Бұл құрылғыны температурасы нөлден төмен түсуі мүмкін бөлмеге орнатпаңыз.

- Сымды (A9) қыры өткір немесе беті ыстық заттарға тимейтіндей етіп жүргізіңіз (мысалы, электрлік ыстық плиталар).

### 5.3 Құрылғыны жалғау



#### Маңызды!

Розетка қуаты кернеуінің құрылғы астындағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігін тексеріңіз.

Құрылғыны тек жерге тиімді жолмен тұйықталған және ток қуаты кемінде 10 А болатын розеткаға қосыңыз.

Егер розетка қуаты құрылғыдағы қуатқа сай болмаса, тиісті розетка түрін білікті маманға ауыстыртыңыз.

### 5.4 Құрылғы параметрлерін орнату






#### Ескеріңіз:

- Құрылғыны зауытта тексерген кезде кофе пайдаланылды, сондықтан, кофе тартқышта кофе іздері қалса, бұл – қалыпты нәрсе. Дегенмен, бұл құрылғының жаңа екеніне кепілдік беріледі.

Судың қаттылығын мына бөліміндегі нұсқауларға жүгіне отырып, тез арада реттеңіз: "20. Су қаттылығын реттеу" бөлімінен көріңіз.

Келесі әрекетті орындаңыз:

1. Су ыдысын (A17 - 1-сурет) шығарыңыз, MAX жолағына дейін таза сумен толтырып (2А сурет), құрылғыға қайта салыңыз (2В сурет).
2. Сыйымдылығы кемінде 100 мл болатын ыдысты капучино жасағыш (A20) астына қойыңыз (3-сурет).
3. Құрылғыны розеткаға қосып, құрылғының артқы жағындағы негізгі қосқышты басыңыз (A6) (4-сурет).

4. Сенсорлы экранда  белгішесі (B14 - 5-сурет) жыпылықтайды.
5. Бу/ыстық су тетігін "I" күйіне (6-сурет) бұрап,  белгішесін (B15) басыңыз. Капучино жасағыштан су ағады.
6. Қю автоматты түрде тоқтаған кезде, сенсорлы экранда  белгішесі бу тетігінің "0" күйіне бұралуы керектігін көрсету үшін жыпылықтайды.

Құрылғы сөнеді.

Оны қолдану үшін,  түймесін басыңыз (A23 - 7-сурет).

### **Ескеріңіз:**

- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, ол қанағаттанарлық нәтижені 4-5 кесе кофе жасағаннан кейін береді.
- Кофенің рахатын одан бетер күшейту және құрылғының тиімділігін жақсарту үшін, біз "21. Су жұмсартқыш сүзгі" бөлімінде сипатталғандай су жұмсартқыш сүзгіні (C4) орнатуды ұсынамыз. Егер сіздегі үлгі сүзгімен келмесе, оны De'Longhi тұтынушыларды қолдау орталығынан талап ете аласыз.

## 6. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ



### **Ескеріңіз:**

Құрылғыны іске қоспас бұрын, құрылғының артындағы негізгі қосқыштың (A6) қосылғанын тексеріңіз (4-сурет).


Құрылғы іске қосылған сайын, ол кедергі жасауға болмайтын алдын ала қыздыру және шаю циклін автоматты түрде орындайды. Құрылғы тек осы цикл аяқталған соң ғана пайдалануға дайын болады.

### **Күйіп қалу қаупі бар!**

Шаю барысында кофе шүмегінен (A19) шамалы су шығады және төмендегі тамшы науасына (A15) жиналады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

- Құрылғыны іске қосу үшін  түймесін (A23) (7-сурет) басыңыз. Сенсорлы экрандағы  шам құрылғының қыздырып жатқанын көрсету үшін жыпылықтайды. Қызу кезінде құрылғы шаю циклін орындайды. Ыстық су айналымының әсерінен су қайнату

бөлігімен қоса, бұл ішкі ағын түтіктерін де қыздырады.



 шамы жыпылықтаған кезде және кофе белгішелері жанған кезде құрылғы қажетті температураға жеткені.

## 7. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ

Құрылғы кофе жасау үшін пайдаланылғаннан кейін кез келген уақытта ол автоматты шаю процесін орындайды.


### **Күйіп қалу қаупі бар!**

Шаю барысында кофе шүмектерінен (A19) аздап ыстық су шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

- Құрылғыны өшіру үшін  түймесін (A23 - 7-сурет) басыңыз;
- Сенсорлы экрандағы  шамы жыпылықтайды және (жабдықталған болса) құрылғы бірнеше шаю циклін орындап, өшеді (күту режиміне өтеді).

### **Ескеріңіз!**

Құрылғыны біраз уақыт бойы пайдаланбайтын босаңыз, розеткадан ажыратыңыз:

- алдымен құрылғыны  түймесін (7-сурет) басу арқылы өшіріңіз;
- негізгі қосқышты басыңыз (A6) (4-сурет).

### **Маңызды!**


Құрылғы іске қосуды болған кезде негізгі қосқышты ешқашан баспаңыз.

## 8. СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ

Су қаттылығын орнату туралы нұсқауларды "20. Су қаттылығын реттеу" бөлімінен көріңіз.

## 9. ТЕМПЕРАТУРАНЫ ОРНАТУ

Кофе (төмен, орташа, жоғары, ең жоғары) жасау үшін пайдаланылатын судың температурасын өзгерткіңіз келсе, мыналарды орындаңыз:

1. Құрылғы ажыратылғанда (күту режимінде болғанда), бірақ негізгі қосқыш басылып тұрғанда (4-сурет);
2. **2x** белгішесін (B9) сенсорлы экрандағы шамдар (B) жанғанша басып тұрыңыз.
3. Қажетті температураны таңдау үшін  белгішесін (B10) басыңыз:

	low (төмен)
	medium (орташа)
	high (жоғары)
	максимум (максималды)

4. Растау үшін (OK) белгішесін (B15) (немесе өзгеріс енгізусіз шығу үшін (ESC) (B14) түймесін) басыңыз. Шамдар сөнеді.

Құрылғы "күту" режиміне оралып, температура бағдарламаланады.

## 10. АВТО ӨШІРУ

Уақытты құрылғы 15 немесе 30 минуттан немесе 1, 2 немесе 3 сағаттан кейін өшірілетін етіп өзгертуге болады.

Авто өшіру функциясын өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Құрылғы ажыратылғанда (күту режимінде болғанда), бірақ негізгі қосқыш басылып тұрғанда (4-сурет);
2. **2x** белгішесін (B9) сенсорлы экрандағы белгішелер (B) жанғанша басып тұрыңыз.
3. Қажетті уақытты таңдау үшін белгішесін (B11) басыңыз:

	15 мин.
	30 мин.
	1 сағат
	2 сағат
	3 сағат

4. Растау үшін (OK) белгішесін (B15) (немесе өзгеріс енгізусіз шығу үшін (ESC) (B14) түймесін) басыңыз.

(ESC) (B14) түймесін) басыңыз. Шамдар сөнеді.

Одан кейін автоматты өшіру уақыты бағдарламаланады.

## 11. ӘДЕПКІ МӘНДЕР (ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ)

Бұл функция барлық параметрлерді қалпына келтіреді (температура, автоматты өшіру, су қаттылығы, энергияны үнемдеу және барлық мөлшер параметрлері әдепкі мәндеріне қалпына келтіріледі).

1. Құрылғы ажыратылғанда (күту режимінде болғанда), бірақ негізгі қосқыш басылып тұрғанда (4-сурет);
2. **2x** белгішесін (B9) сенсорлы экрандағы шамдар (B) жанғанша басып тұрыңыз.
3. белгішесін (B12) басыңыз. Сенсорлы экрандағы дән белгішелері жыпылықтайды;
4. Әдепкі мәндерді қайта орнату үшін (OK) белгішесін (B15) (немесе өзгеріс енгізусіз шығу үшін (ESC) (B14) түймесін) басыңыз. Шамдар сөнеді.

Сусындардың параметрлері мен көлемдері әдепкі мәндеріне қайта орнатылады.

## 12. ҚУАТ ҮНЕМДЕУ

Бұл функцияны қуат үнемдеу мүмкіндігін қосу немесе өшіру үшін пайдаланыңыз. Құрылғы ағымдағы Еуропалық ережелерге сай болған кезде, энергия тұтынуды азайту үшін бұл режим әдепкі бойынша іске қосылады. Параметрді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Құрылғы ажыратылғанда (күту режимінде болғанда), бірақ негізгі қосқыш басылып тұрғанда (4-сурет);
2. **2x** белгішесін (B9) сенсорлы экрандағы белгішелер (B) жанғанша басып тұрыңыз.
3. Бұл функцияны ажырату / іске қосу үшін белгішесін басыңыз:
  - функциясы іске қосылады
  - функциясы ажыратылады
4. Растау үшін (OK) белгішесін (B15) (немесе өзгеріс енгізусіз шығу үшін (ESC) (B14) түймесін) басыңыз.
5. Мәзірден шығу үшін (ESC) белгішесін басыңыз. Шамдар сөнеді.





Содан кейін қуат үнемдеу параметрі бағдарламаланады.

### **i** Ескеріңіз!

- Қуат үнемдеу режимінде болған кезде, бірінші кофе құйылғанша бірнеше секунд өтуі мүмкін, себебі құрылғы қайта қызуы керек.

## 13. ДЫБЫСТЫ СИГНАЛ

Бұл функция сигналды қосады немесе өшіреді. Мына әрекетті орындаңыз:

1. Құрылғы ажыратылғанда (күту режимінде болғанда), бірақ негізгі қосқыш басылып тұрғанда (4-сурет);
2. **2x** белгішесін (B9) сенсорлы экрандағы шамдар (B) жанғанша басып тұрыңыз.
3. Бұл функцияны ажырату / іске қосу үшін **2x** белгішесін басыңыз:
  -  функциясы іске қосылады
  -  функциясы ажыратылады
4. Растау үшін  (OK) белгішесін (B15) (немесе өзгеріс енгізусіз шығу үшін  (ESC) (B14) түймесін) басыңыз. Шамдар сөнеді.

Осыдан кейін дыбысты сигнал бағдарламаланады.



## 14. RINSING (ШАЮ)

Бұл функцияны кофе шүмектерінен (A19) және құрылғының ішкі айналымын тазалау және қыздыру үшін пайдаланыңыз.

Ыстық су және кофе шүмектерінің астына ең аз сыйымдылығы 100 мл болатын ыдысты қойыңыз.

### **Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар.**

Ыстық су құю барысында құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.

- 1) Осы функцияны іске қосу үшін,  (B15) түймесін басыңыз;
- 2) Бірнеше секундтан соң, құрылғының ішкі айналымын тазалау және қыздыру үшін кофе шүмектерінен ыстық су ағады.
- 3) Бұл функцияны қолмен тоқтату үшін,  (B15) түймесін тағы да басыңыз.

### **i** Ескеріңіз!

- Егер құрылғы 3-4 күн бойы пайдаланылмаған болса, қайта іске қосылған кезде, оны пайдаланбас бұрын 2/3 рет шаюды қатаң ұсынамыз;
- Тазалап болғаннан кейін кофе тарту ыдысында (A11) судың болуы қалыпты жағдай.

## 15. КОФЕ ЖАСАУ

### 15.1 Кофе тартқышты реттеу

Кофе тартқыш әдепкі параметр бойынша кофені дұрыс дайындайтындай етіп орнатылады және оны реттеудің қажеті жоқ. Дегенмен, алғашқы бірнеше кесе кофені жасағаннан кейін кофенің өте әлсіз және кілегейлі емес екендігі немесе оның өте жай құйылатыны байқалса (тамшылап тұрса), оны кофе тартуды реттеу дөңгелегін (A5) (8-сурет) реттеу арқылы түзетуге болады.

### **i** Ескеріңіз:

Тартуды реттеу дөңгелегін тек кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде ғана бұрау керек.

Егер кофе өте баяу құйылса немесе мүлдем құйылмаса, дөңгелекті сағат тілі бағытымен 7 санына қарай бір рет "сырт" еткізіп бұраңыз.


Толық кілегейлі кофе жасау үшін, сағат тілі бағытына қарсы 1 санына қарай бір рет "сырт" еткізіп бұраңыз (бір бұрағанда бір реттен артық "сырт" еткізіп бұрамаңыз, әйтпесе кофе тамшылап құйылуы мүмкін).

Бұл реттеулердің нәтижесі тек 2 кесе кофе жасалғаннан кейін ғана байқалады. Егер бұл реттеу қажетті нәтижені бермесе, дөңгелекті тағы бір рет "сырт" еткізіңіз.



### 15.2 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер

Кофе ыстық болуы үшін, мыналарды орындауыңыз керек:

-  (B15) түймесін басу арқылы шаю циклін орындау;
- кеселерді ыстық сумен жылытыңыз ("17. Ыстық су құю" бөлімін қараңыз);



- кофе температурасын күшейту ("8. Су қаттылығын орнату" бөлімін қараңыз).











### 15.3 Кофе дәндерінен кофе жасау





**Маңызды!**

Ешқашан жасыл, карамельденген немесе қант қосылған кофе дәндерін пайдаланбаңыз, себебі олар кофе тартқышқа жабысып, оны пайдалануға жарамайтын етуі мүмкін.

1. Контейнерді кофе дәндерімен (A3) (9-сурет) толтырыңыз;
2. Кофе шүмектерінің астына (A19) орналастырыңыз:
  - 1 кесе кофе жасағыңыз келсе, 1 кесе қойыңыз (10-сурет);
  - 2 кесе кофе жасағыңыз келсе, 2 кесе қойыңыз.
3. Шүмектерді кеселерге қарай мүмкіндігінше төмендетіңіз. Кілегейлі кофе осылай жасалады (11-сурет);
4. Қажетті кофені таңдаңыз:

Recipe	Quantity	Program-mable quantity	Default aroma
 Espresso (B10)	≈ 40 ml	from ≈30 to ≈ 80ml	
 Espresso Lungo (B11)	≈ 120 ml	from ≈80 to ≈180с	
 Coffee (B12)	≈ 180 ml	from ≈100 a ≈240cc	
 Long (B13)	≈ 160 ml	from ≈115 to ≈250cc	
<b>2x</b> (B9) +  Espresso (B10)	≈ 40 ml x 2 cups	--	

<b>2x</b> (B9) +  Espresso Lungo (B11)	≈ 120 ml x 2 cups	--	
----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------	----	-----------------------------------------------------------------------------------

5. Дайындау басталады және сенсорлы экранда (B) таңдалған белгішеге қатысты шам жыпылықтайды.

#### **Ескеріңіз:**


- Жалғыз сусындарды дайындау кезінде "2X" (B9) түймесін басу арқылы бір уақытта 2 кесе ЭСПРЕССО, ЭСПРЕССО ЛУНГО кофесін дайындауға болады (белгіше дайындаудың басында бірнеше секунд көрсетіледі).
- Құрылғы кофе жасап жатқан кезде, құюды кез келген уақытта кофе белгішесін басу арқылы тоқтатуға болады.
- Құйылып болған соң кеседегі кофе мөлшерін көбейту үшін, кофе белгішелерінің бірін (B10 - B13) 3 секунд ішінде бассаңыз болғаны.

Кофе жасалған соң, құрылғы келесі сусындарды жасауға дайын болады.

#### **Ескеріңіз:**

- Пайдалану барысында сенсорлы экранда шамдар жануы мүмкін. Олардың мағыналары "24. Шамдар түсіндірмесі" бөлімінен берілген.
- Кофені ыстық етіп жасау туралы ақпаратты "15,2 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер" бөлімінен көріңіз.
- Егер кофе тамшылап құйылса, тым сұйық болса және жеткілікті деңгейде кілегейлі болмаса немесе тым салқын болса, "25. Ақаулықтарды жою" бөліміндегі кеңестерді оқыңыз.

### 15.4 Уақытша өзгеретін кофе дәмі

Кофе дәмін өзгерту үшін,  (B8) басыңыз:

	ӨТЕ ЖЕҢІЛ
	ШАМ
	MEDIUM (ОПТАША)

	ҚОЮ
	ӨТЕ ҚОЮ
	("15.5 Тартылған кофеден кофе дайындау" бөлімін қараңыз)

**i Ескеріңіз:**

- Дәмнің өзгеруі сақталмайды және келесі уақытта сусын автоматты түрде құйылады, құрылғы әдепкі мәнді таңдайды.
- Дәмді уақытта реттеу мен сусынды құю арасында бірнеше секунд өтетін болса, дәм әдепкі мәнге қайтарылады.

### 15.5 Тартылған кофеден кофе жасау

**! Маңызды!**

- Құрылғы өшірулі кезде ешқашан тартылған кофені салмаңыз, әйтпесе ол құрылғының құыс-куыстарына таралып, оны былғауы мүмкін. Бұл құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Ешқашан 1 деңгейлі мөлшерден (C2) артық пайдаланбаңыз, әйтпесе ол кофе құрылғысының ішін былғауы немесе воронканы (A4) бітеп тастауы мүмкін.



**i Ескеріңіз:**

Егер тартылған кофені пайдалансаңыз, сіз бір уақытта тек бір кофе жасай аласыз.

1. белгішесін (B8) шамы жанғанша қайталап басыңыз.
2. Воронканың бітеліп қалмағанына көз жеткізіп, бір деңгей мөлшеріндегі тартылған кофені салыңыз (12-сурет).
3. Кофе шүмегінің астына бір кесе қойыңыз (A19) (10-сурет).
4. Қажетті кофені таңдаңыз:

Рецепт	Мөлшері
 Эспрессо (B10)	40 мл
 Espresso Lungo (Эспрессо лунго) (B11)	120 мл
 Кофе (B12)	180 мл
 Ұзын (B13)	160 мл

5. Дайындау басталады және сенсорлы экранда (B) таңдалған белгішеге қатысты шам жыпылықтайды.

**! Маңызды! LONG кофесін дайындау :**  
Дайындаудың орта тұсында шамы жыпылықтайды. Тартылған кофенің бір деңгейдегі мөлшерін салып, (OK) түймесін (B15) басыңыз.

**i Ескеріңіз:**

егер "Қуат үнемдеу" режимі белсенді болса, бірінші кофе құйылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

### 15.6 Дәм мен мөлшерді реттеу

Бұл құрылғы әдепкі параметр бойынша қалыпты дәм мен мөлшерге орнатылады ("15.3 Кофе дәндерінен кофе жасау" бөліміндегі кестені көріңіз).

Кофені реттеу үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Кофе шүмектерінің (A19) астына жеткілікті үлкен кесені немесе шыныаяқты қойыңыз;
2. Қажетті дәмді таңдау үшін (B8) түймесін басыңыз ("15.4 Кофе дәмін өзгерту" бөлімін көріңіз);
3. Реттелетін кофеге қатысты белгішені басып тұрыңыз. Белгіше жыпылықтайды және дабыл шамдары 4 рет жыпылықтайды;
4. түймені жіберіңіз. Белгіше жыпылықтайды және құрылғы кофе құя бастайды;

5. Кеседегі кофе қажетті деңгейге жеткен соң, белгішені қайта басыңыз.  
Кеседегі орнатылған кофе дәмі мен мөлшері бағдарламаланды.

## 16. КАППУЧИНО ЖАСАУ

### Күйіп қалу қаупі бар!

Дайындау барысында бу шығады. Күйіп қалудан сақ болыңыз.

1. Каппучино жасаған кезде, кофені үлкен кесеге жасаңыз.
2. Ыдысқа (мүмкін болса, күйіп қалудан сақ болу үшін сабы бар ыдысты пайдаланыңыз) әрбір каппучино үшін шамамен 100 грамнан сүт құйыңыз. Ыдысты таңдаған кезде сүттің көлемі екі немесе үш есе көбейетінін ескеріңіз.






### Ескеріңіз:

Қоюлау көпіршікке қол жеткізу үшін, тоңазытқыш температурасында (шамамен 5°C) сақталған шайқалған немесе жартылай шайқалған сүтті пайдаланыңыз. Көпіршігі нашар немесе көбіктері үлкен сүт болмас үшін, каппучино жасағышты әрқашан "Каппучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау" бөлімде сипатталғандай етіп тазалаңыз.

3. Кез келген көлемдегі ыдысты сыйғызу үшін каппучино жасағышты (A20) аздап бұрауға болады.
4. Каппучино жасағышты сүт ыдысына батырыңыз. Қара сақинаны ешқашан батырмаңыз.

### Маңызды!

Каппучино жасағышты ешқашан күштеп бұрамаңыз (13-сурет). Ол сынып кетуі мүмкін!

5.  белгішесін (B14) басыңыз.  Шам (B1) құрылғының қыздырып жатқанын көрсету үшін тұрақты жанады.
6. Құрылғы қажетті температураға жеткен кезде,  шамы сөнеді де,  белгішесі жыпылықтайды.
7. Ыстық су/бу тетігін  (A22) I қалпына бұраңыз. Кілегейлі көпіршік жаса үшін

ыдысты жайлап қана жоғары қарай ырғап жылжытыңыз.

8. Қалаған көпіршікті алған соң, тетікті "0" бағытына бұрау арқылы буды тоқтатыңыз.

### Күйіп қалу қаупі бар!

Тоқтату: қайнап жатқан сүттің шашырауынан күйіп қалуға жол бермес үшін, көпіршікті сүті бар ыдысты алмас бұрын буды тоқтатыңыз.

9. Сүт көпіршігін бұған дейін дайындалған кофеге қосыңыз. Каппучино дайын. Дәмді тәттілендіріңіз және қажет болса көпіршітілген сүтке шамалы какао ұнтағын себіңіз.

### Ескеріңіз!


Егер "Қуат үнемдеу" режимі белсенді болса, бу шығарылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

## 16.1 Каппучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау

Сүт қалдықтарының жиналуына және бітеліп қалуға жол бермес үшін, каппучино жасағышты (A20) әрбір қолданыстан кейін тазалап отырыңыз.

### Күйіп қалу қаупі бар!

Каппучино жасағышты тазалап жатқан кезде шүмектен шамалы ыстық су ағады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.



1. Ыстық су/бу тетігін  (A22) I қалпына бұрау арқылы шамалы су ағызыңыз. Сосын тетікті 0 бағытына қайта бұрау арқылы құюды тоқтатыңыз.
2. Каппучино жасағыш суығанша бірнеше минут күтіңіз. Каппучино жасағышты алу үшін оны төмен бұрап алыңыз (14-сурет).
3. Жалғау қондырмасын төмен қарай шығарыңыз (A20 - 16-сурет).
4. 16-суреттегі көрсеткімен көрсетілген екі тесіктің бітелмегенін тексеріңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз.
5. Жалғау қондырмасын орнына салып, каппучино жасағышты қондырмаға жоғары қарай итеру және орнына түскенше бұрау арқылы қайта енгізіңіз.

## 17. ЫСТЫҚ СУ ҚҰЮ



### **Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар.**

Ыстық су құю барысында құрылғыны ешқашан қараусыз қалдырмаңыз. Су құйылып жатқан кезде су шүмегі қызады, сондықтан оны тек сабынан ғана ұстау керек.

1. Капучино жасағыш (A20) астына ыдыс қойыңыз (шашыраудың алдын алу үшін барынша жақын қойыңыз).
2. Ыстық су/бу тетігін  (A22) I қалпына бұраңыз.
3. Ыстық су құюды қолмен тоқтату үшін, ыстық су/бу дөңгелегін  0 күйіне бұраңыз.



### **Ескеріңіз!**

Егер "Қуат үнемдеу" режимі белсенді болса, ыстық су және бу шығарылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

## 18. ТАЗАЛАУ

### 18.1 Құрылғыны тазалау

Құрылғының мына бөліктерін тұрақты түрде тазалап отыру керек:

- құрылғының ішкі тогы;
- тартылған кофе ыдысы (A11);
- тамшы науасы (A15) және су жиналу науасы (A10);
- су ыдысы (A17);
- кофе шүмектері (A19);
- капучино жасағыш (A20 - "18. Тазалау");
- ыстық су/бу түтігінің қондырмасы (A21);
- тартылған кофе воронкасы (A4);
- демдеу торы (A7) демдеу торының қақпағын (A8) ашқан соң қол жетімді болады;
- сенсорлы экран (B).




### **Маңызды!**

- Кофе құрылғысын тазалау үшін еріткіштерді, қырғыш заттарды немесе спиртті пайдаланбаңыз. De'Longhi супер автоматты кофе құрылғыларын тазалау үшін тек осы құрылғыларға арналған химикаттарды ғана пайдалануыңыз керек.
- Тамшы науа торынан (A14) басқа құрылғының кез келген құрамдас бөлшегін ыдыс аяқ жуғышта жууға болмайды.
- Қоқымдарды және кофе қалдықтарын кетіру үшін металдан жасалған заттарды

пайдаланбаңыз, себебі олар құрылғының металл немесе пластмасса бөліктерін сырып тастауы мүмкін.

### 18.2 Құрылғының ішкі айналымын тазалау

Құрылғы 3/4 күн бойына қолданылмайтын болса, оны қайтадан қолданбас бұрын, оны қайта қосуды және мына әрекеттерді орындауды ұсынамыз:


- түймесін басу арқылы 2/3 шаю циклін орындау  (B15);
- бірнеше секундқа ыстық су құю ("17. Ыстық су құю" бөлімін қараңыз).



### **Ескеріңіз:**

Тазалап болғаннан кейін кофе тарту ыдысында (A11) судың болуы қалыпты жағдай.

### 18.3 Тартылған кофе ыдысын тазалау

 шамы (B2) жыпылықтаған кезде, тартылған кофе ыдысы (A11) босатылуы және тазалануы керек. Бұл құрылғы тартылған кофе ыдысы тазаланбайынша кофе жасау үшін пайдаланылмайды. Толық болмаса да, бірінші кофе дайындалғаннан кейін 72 сағат ішінде дисплейде тартылған кофе ыдысын босату туралы хабар көрсетіледі. 72 сағатты дұрыс есептеу үшін, құрылғыны қуат қосқышымен (A6) ешқашан өшірмеу керек.



### **Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар**

Егер бірнеше капучиноны бірінен соң бірін жасасаңыз, металдан жасалған кесе науасы (A12) қызады. Оны ұстамас бұрын суығанын күтіп, тек алдынан ғана ұстаңыз.

Тазалау үшін (тек құрылғымен):

- Тамшы науасын шығарыңыз (A15 -17-сурет), босатыңыз және тазалаңыз.
- Тартылған кофе ыдысын (A11) босатып, түбінде қалған барлық қалдықтарды кетіру үшін мұқият тазалаңыз.
- Қызыл су жиналу науасын (A10) (қызыл) тексеріңіз және қажет болса босатыңыз.



### **Маңызды!**

Тамшы науасын алып жатқан кезде тартылған кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек.

Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, тартылған кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.

#### 18.4 Тамшы науасын және су жиналу науасын тазалау



##### **Маңызды!**

Тамшы науасы (A15) ондағы су деңгейін көрсететін деңгей көрсеткішімен (A13) (қызыл) белгіленген (18-сурет). Осы көрсеткіш кесе науасынан (A12) шығып тұрғанға дейін тамшы науасы босатылуы және тазалануы керек, әйтпесе су жиектен тасып, құрылғыны, ол орналасқан бетті немесе қоршаған аймақты зақымдауы мүмкін.

Тамшы науасын алу үшін:

1. Тамшы науасы мен тартылған кофе ыдысын шығарыңыз (A11) (17-сурет);
2. Кесе науасын (A12) және тамшы науасының торын (A14) алып, тамшы науасы мен тартылған кофе ыдысын босатып, барлық бөліктерін жуыңыз;
3. Қызыл су жиналу науасын (A10) тексеріңіз және қажет болса босатыңыз;
4. Болған соң торы бар тамшы науасы мен тартылған кофе ыдысын орындарына салыңыз.

#### 18.5 Кофе құрылғысын ішін тазалау



##### **Ток соғу қаупі бар!**

Ішкі бөліктерді тазаламас бұрын, құрылғыны өшіру ("7. Құрылғыны өшіру" бөлімін қараңыз) және розеткадан ажырату керек. Кофе құрылғысын ешқашан суға батырмаңыз.

1. Құрылғының іші (тамшы науасын алған соң қол жетімді болады) (A15) кірлемегенін тұрақты түрде (шамамен аптасына бір рет) тексеріп отырыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын щеткамен және губкамен тазалаңыз;
2. Барлық қалдықтарды шаңсорғышпен тазалаңыз (19-сурет).

#### 18.6 Су ыдысын тазалау

1. Су ыдысын (A17) тұрақты түрде (шамамен айына бір рет және су жұмсартқыш сүзгіні (C4) (егер бар болса) орнына салған сайын)

дымқыл шүберекпен және шамалы жұмсақ ыдыс жуғыш сұйық затпен тазалап отырыңыз;

2. Сүзгіні (C4) алыңыз (егер бар болса) және ағынды сумен шайыңыз;
3. Сүзгіні орнына салыңыз (егер болса), ыдысты таза сумен толтырып, орнына салыңыз;
4. (Тек су жұмсартқыш сүзгісі бар үлгілер) Шамамен 100 мл су жеткізеді.

#### 18.7 Кофе шүмектерін тазалау

1. Кофе шүмектерін (A19) губкамен немесе шүберекпен тұрақты түрде тазалаңыз (20A сур.);
2. Кофе шүмектеріндегі тесіктердің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, кофе қалдықтарын тіс тазартқышпен кетіріңіз (20Bсур.).

#### 18.8 Тартылған кофе воронкасын тазалау

Тартылған кофе воронкасының (A4) бітелмегенін тұрақты түрде (шамамен айына бір рет) тексеріп тұрыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын щеткамен тазалаңыз.

#### 18.9 Демдеу торын тазалау

Демдеу торын (A7) кемінде айына бір рет тазалап отыру керек.



##### **Маңызды!**

Құрылғы іске қосұлы болған кезде демдеу торын алу мүмкін емес.

1. Құрылғының дұрыс өшірілгеніне көз жеткізіңіз ("7. Құрылғыны өшіру" бөлімін көріңіз);
2. Су ыдысын алыңыз (A17);
3. Құрылғының оң жағындағы демдеу торы орнының қақпағын (A8) (21-сурет) ашыңыз;
4. Түрлі-түсті босату түймелерін ішке қарай басып тұрып, демдеу торын сыртқа қарай тартып шығарыңыз (22-сурет);
5. Демдеу торын суға шамамен 5 минут батырып қойып, ағынды су астында шайыңыз;



##### **Маңызды!**

ТЕК СУМЕН ШАЮ


Ыдыс жуғыш сұйық затты және ыдыс жуғыш құрылғыны пайдаланбаңыз

- Демдеу торын ыдыс жуғыш сұйық затсыз тазалаңыз, себебі ол зақымдануы мүмкін.
- Демдеу торының корпусында (демдеу торы орнының қақпағы арқылы көрінеді) қалған кез келген кофе қалдығын кетіру үшін арнайы щетканы пайдаланыңыз;
  - Тазалаған соң демдеу торын ішкі тірекке қарай сырғыту арқылы орнына салып, «сырт» етіп орнына түскенше PUSH (ИТЕРУ) белгісін толық енгенше ішке қарай басыңыз;

### **Ескеріңіз:**

- Егер демдеу торын енгізу қиын болса, енгізбес бұрын оны екі ілгекті басу арқылы тиісті өлшемге бейімдеңіз (23-сурет).
- Салынған соң, екі түсті түйменің шыққанына көз жеткізіңіз;
  - Демдеу торы орнының қақпағын жабыңыз;
  - Су ыдысын орнына салыңыз.






## 19. ҚАҚ ТАЗАЛАУ

Сенсорлы экранда (B)  шамы (B5) жыпылықтайды.

### **Маңызды!**

- Қолданбас бұрын нұсқауларды және қақ тазартқыштағы жапсырмаларды оқып шығыңыз.
- Тек De'Longhi қақ тазалағышын ғана пайдалануыңыз керек. Басқа қақ тазалағышты пайдалану және/немесе қақ тазалауды дұрыс орындамау өнім жасаушысының кепілдігінде қаралмаған ақаулықтарға себеп болуы мүмкін.

Мына әрекетті орындаңыз:




- Құрылғыны  түймесін басу арқылы өшіріңіз (күту режимі) (A23 - 7-сурет);
- Тамшы науасын (A15) және тартылған кофе ыдысын (A11) босатып, оларды құрылғыға кері салыңыз;
-  белгішесін (B8)  шамы (B5) мен  (ESC) және  (B15) белгішелері жанғанша басып тұрыңыз;
- Су ыдысын (A17) толық босатып, су жұмсартқыш сүзгіні алыңыз (C4) (егер болса);
- Қақ тазалағышты (C3) ыдыстың артында белгіленген А деңгейіне дейін құйып

(100 мл орамына қатысты), В (24-сурет) деңгейіне дейін бір литр су құйыңыз да, су ыдысын орнына салыңыз;


- Сыйымдылығы кемінде 1,8 литр болатын ыдысты капучино жасағыш (A20) және кофе шүмектерінің (A19) астына қойыңыз (25-сурет);





### **Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар**






Капучино жасағыштан және кофе шүмектерінен құрамында қышқылы бар ыстық су ағады. Осы ерітінді шашырандысынан абай болыңыз.

- Қақ тазалау ерітіндісін қосқаныңызды растау үшін  (OK) белгішесін басыңыз;
-  (B14) шамы ыстық су/бу дөңгелегі  (A22) I күйіне бұралу керектігін көрсету үшін жыпылықтайды;

- Тетік I қалпына бұралған кезде, қақтан тазалау бағдарламасы басталады және қақтан тазалау сұйықтығы капучино жасағыштан және кофе шүмектерінен ағады. Шаюлар мен тоқтатулар қатары кофе құрылғысының ішіндегі барлық қақ қалдықтарын кетіру үшін автоматты түрде орындалады;

Шамамен 25 минуттан соң құрылғы қақ тазалауды тоқтатады да,  шамы (B3) жыпылықтайды.


- Одан кейін құрылғы таза сумен шаюға дайын болады. Су ыдысын шығарып алыңыз, босатыңыз, ағын су астында шайыңыз және таза сумен MAX деңгейіне дейін толтырып, құрылғыға салыңыз;
- Бос қақты тазалау ерітіндісін жинау үшін қолданылатын ыдысты босатып, капучино жасағыштың және кофе шүмектерінің астына қойыңыз (25-сурет);
-  (OK) белгішесін басыңыз;  шамы ыстық су/бу дөңгелегі  O күйіне бұралу керектігін көрсету үшін жыпылықтайды;
- Шаюды бастау үшін ыстық су/бу тетігін  O қалпына бұраңыз. Ыстық су алдымен кофе шүмектерінен, сосын капучино жасағыштан құйылады;

14. Алдын ала орнатылған уақыттан соң,  жыпылықтайды. Тетікті I бағытына қарай бұраңыз. Құйылу каппучино жасағыш арқылы жалғасады. Су ыдысы толығымен босаған кезде,  шамы (B3) жанады;
15. Су ыдысын шығарыңыз, суды жұмсартқыш сүзгіні орнына салыңыз (егер осыған дейін алынған болса) босатыңыз, ағын су астында шайыңыз және салқын сумен MAX деңгейіне дейін толтырып, құрылғыға салыңыз;
16. Шаю суын жинау үшін пайдаланылған ыдысты босатыңыз да, каппучино жасағыштың астына қайта салыңыз;
17.  (OK) белгішесін басыңыз. Құрылғы қайтадан шаюды каппучино жасау құралынан бастайды;
18. Су ыдысы толығымен босаған кезде,  шамы жыпылықтайды;
19. Таза сумен су ыдысын MAX деңгейіне дейін толтырып, кері құрылғыға қойыңыз;  жыпылықтайды;
20. Тетікті 0 бағытына қарай бұраңыз. Қақ тазалау аяқталды.

### Ескеріңіз!

- Егер қақ тазалау дұрыс орындалмаса (мысалы, жарық жоқ), циклді қайталауды ұсынамыз;
- Қақтан тазалап болғаннан кейін кофе тарту ыдысында (A11) судың болуы қалыпты жағдай.
- Су ыдысы MAX (МАКС) деңгейіне дейін толтырылатын болса, қақтан тазалау соңында құрылғының ішкі айналымынан қақтан тазалағыш ерітінді толығымен жойылмайтынына кепілдеме беру үшін үшінші рет шаюды сұрайды.









## 20. СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ

Бір кезеңдік уақыт өткен соң су қаттылығына сай  шамы (B5) жанады. Құрылғы әдепкі параметр бойынша су қаттылығының 4-деңгейіне орнатылады. Сонымен қатар, бұл құрылғыны әр түрлі аймақтардағы құбыр суының қаттылығына сай бағдарламалау арқылы құрылғыны




сирегірек тазалау қажет болатындай етіп орнатуға болады.

### 20.1 Су қаттылығын өлшеу

1. "TOTAL HARDNESS TEST" (ТОЛЫҚ ҚАТТЫЛЫҚТЫ ТЕКсерУ) индикаторын орамынан (C1) шығарыңыз (ағылшын тіліндегі нұсқауларға тіркелген);
2. Қағазды стакандағы суға бір секундқа толығымен батырып алыңыз;
3. Қағазды судан шығарып, жайлап сілкіңіз. Шамамен бір минуттан соң 1, 2, 3 немесе 4 қызыл шаршы судың қаттылығының деңгейіне қарай көрінеді. Әрбір шаршы 1 деңгей болып есептеледі;

Indicator paper	Water hardness	Corresponding setting
	low	
	medium	
	high	
	maximum	

### 20.2 Су қаттылығын орнату

1. Құрылғы ажыратылғанда (күту режимінде болғанда), бірақ негізгі қосқыш басылып тұрғанда (4-сурет);
  2. **2x** белгішесін (B9) сенсорлы экрандағы белгішелер (B) жанғанша басып тұрыңыз;
  3.  белгішесін (B8) қажетті су қаттылығын таңдау үшін басыңыз (алдыңғы бөлімдегі кестені көріңіз);
  4. Растау үшін  (OK) белгішесін (B15) (немесе өзгеріс енгізусіз шығу үшін  (ESC) (B14) түймесін) басыңыз. Шамдар сөнеді.
- Құрылғы "пайдалануға дайын" режиміне оралып, су қаттылығы бағдарламаланады.

## 21. СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ

Кейбір үлгілерге су жұмсартқыш сүзгі бекітіледі (С4). Егер сіздегі үлгіде ондай болмаса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерінен сатып алуды ұсынамыз.




Сүзгіні дұрыс пайдалану үшін, төмендегі нұсқаларды орындаңыз.

### 21.1 Сүзгіні орнату

1. Сүзгіні (С4) орамынан шығарыңыз. Күн индикаторының дискі берілген сүзгіге байланысты өзгереді.
2. Күн көрсеткішінің дискісін (26-сурет) қолданудың келесі 2 айы көрінгенше бұраңыз.

#### **Ескеріңіз**

Құрылғы дұрыс пайдаланылса, бұл сүзгі екі айға жарамды болады. Егер кофе құрылғысы сүзгісі енгізілген күйде пайдаланылмай қалса, сүзгі тек 3 аптаға жарамды болады.

3. Сүзгіні іске қосу үшін, 27-суретте көрсетілгендей етіп сүзгі ішіндегі тесік арқылы су ағызыңыз, су бүйірдегі тесіктерден бір минуттан астам ағуы керек;
4. Ыдысты (А17) құрылғыдан шығарып, сумен толтырыңыз;
5. Сүзгіні су ыдысына салып, шамамен он секундтай толық батырыңыз да, ауа көпіршіктерін шығарып жіберу үшін абайлап қисайтыңыз және басыңыз (28-сурет).
6. Сүзгіні корпусына (А18) салыңыз және орнына жеткенше басыңыз (29-сурет);
7. Ыдыстың қақпағын (А16) (30-сурет) жауып, ыдысты құрылғыдағы орнына салыңыз.
8. Капучино жасағыш/ыстық су шүмегінің (А20) астына ең аз сыйымдылығы 500 мл болатын ыдысты қойыңыз.
9. Ыстық су/бу дөңгелегін  (А22) **І қалпына** бұрау арқылы шамалы  су ағызыңыз.
10. Кемінде 500 мл ыстық суды беріп, ыстық су/бу дөңгелегін  кері **О қалпына** бұраңыз.

Содан кейін сүзгі белсенді болады және кофе құрылғысын пайдалана аласыз.

## 21.2 Сүзгіні ауыстыру

Екі айдан соң (күн көрсеткішін көріңіз) немесе құрылғы 3 апта бойы пайдаланылмаса, сүзгіні ауыстырыңыз:

1. Ыдысты (А17) және бітеліп қалған сүзгіні (С4) шығарыңыз;
2. Жаңа сүзгіні орамынан шығарыңыз және алдыңғы бөлімнің 2-10 тарауларында сипатталғандай жалғастырыңыз.

Содан кейін жаңа сүзгі белсенді болады және кофе құрылғысын пайдалана аласыз.

## 22. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Қысым: 1,5 МПа (15 бар)

Су ыдысының ең жоғарғы сыйымдылығы:

1,8 Л

ҰхДхБ өлшемі: 240x440x360 мм

Сым ұзындығы: 1150 мм

Салмағы: 9,2 кг

Кофе дәндері ыдысының ең жоғарғы сыйымдылығы: 300 г



Бұл құрылғы тағамдармен байланысқа түсетін материалдарға қатысты ЕО 1935/2004 ережесінің баптарына сай.

## 23. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Өнім түрі өнімдегі жапсырмаға қараңыз

Үлгі "

Кернеу "

Жілілік "

Тұтынылатын қуат "

Италияда жасалған

De'Longhi Appliances s.r.l.

via L.Seitz, 47 31100 Treviso Italy

Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.

Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия

Ресейге, Белоруссияға және Қазақстанға импорттаушы:

«Делонги» ЖШҚ, Ресей, 127055, Мәскеу қаласы, Сущевская көшесі, 27/3-үй (27-үй, 3-құрылым)

Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 5 жылға созылады.









Өнім шығарылған күн өнім жапсырмасының бетінде немесе оның қасында көрсетілуі мүмкін (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992















жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы:  
Сер.№ 30411xxx, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған  
апта – 4)



## 24. ШАМДАР ТҮСІНДІРМЕСІ

КӨРСЕТІЛЕТІН ШАМДАР	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
 <b>ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА</b>	Ыдыстағы (A17) су жеткіліксіз	Су ыдысын толтырыңыз және/немесе "сырт" етіп орнына киілгенше итеру арқылы дұрыстап салыңыз.
 <b>ТҰРАҚТЫ</b>	Ыдыс (A17) орнына дұрыс салынбаған	Су ыдысын толтырыңыз және/немесе "сырт" етіп орнына киілгенше итеру арқылы дұрыстап салыңыз.
 <b>ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА</b>	Тартылған кофе ыдысы (A11) толып кеткен	Тартылған кофе ыдысы мен тамшы науасын (A15) босатыңыз, тазалаңыз да орындарына салыңыз (16-сурет). Маңызды: тамшы науасын алып жатқан кезде тартылған кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек. Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, тартылған кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.
 <b>ОН (ҚОСУЛЫ)</b>	Тазалаған соң, тартылған кофе ыдысы (A11) ауыстырылмаған	Тамшы науасын (A15) шығарып, тартылған кофе ыдысын орнына салыңыз.
 <b>ТҰРАҚТЫ</b>	Кофе дәндері таусылған	Дәндер ыдысын толтырыңыз (A3 - 9-сурет).
 <b>ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА</b>	Тартылған кофе воронкасы (A4) бітеліп қалған	Воронканы "18.8 Тартылған кофе воронкасын тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп щеткамен босатыңыз.
 <b>ТҰРАҚТЫ</b>  <b>ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА</b>	Воронкаға (A4) тартылған кофе салынбаса да, кофені алдын ала тарту функциясы таңдалған	Воронкаға (12-сурет) алдын ала тартылған кофені салыңыз немесе кофені алдын ала тарту функциясынан бас тартыңыз.

 <p>ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА</p>	<p>Құрылғы қағын тазалау керек</p>	<p>"19. Қақ тазалау" бөлімінде сипатталған қақ тазалау процедурасы орындалуы керек.</p>
 <p>ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА</p>  <p>ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА</p>	<p>Тартылған кофе тым майда және кофе өте жай құйылуда немесе мүлдем құйылмауда</p> <p>Егер су жұмсартқыш сүзгі (C4) болса, түтіктерден ауа көбігі шығып, құюға кедергі жасауы мүмкін</p>	<p>Кофені тағы да құйып көріңіз және кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытымен 7 санына қарай бұраңыз (B1 - 16-сурет). Егер 2 кесе кофе құйылғаннан кейін әлі де жай құйылса, тартуды реттеу дөңгелегін құйылу дұрысталғанша тағы бір рет "сырт" еткізіп бұрау арқылы дұрыстау процедурасын қайталаңыз ("15.1 Кофе тартқышты реттеу" бөлімін қараңыз). Ақаулық сақталатын болса, су ыдысы (A17) толығымен енгізілгенін тексеріңіз, ыстық су/бу тетігін I қалпына бұраңыз және ағын қалыпты болмайынша аздап су құйыңыз.</p> <p>Бу тетігін ағын қалыпты болмайынша I қалпына бұрау арқылы аздап су құйыңыз.</p>
 <p>ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА</p>  <p>ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА</p>	<p>Пайдаланылған тартылған кофе тым майда және кофе өте жай құйылуда немесе мүлдем құйылмауда</p> <p>Егер су жұмсартқыш сүзгі (C4) болса, түтіктерден ауа көбігі шығып, құюға кедергі жасауы мүмкін</p>	<p>Кофе құюды азырақ тартылған кофені немесе басқа кофе түрін пайдаланып қайталаңыз. Ақаулық сақталатын болса, су ыдысы (A17) толығымен енгізілгенін тексеріңіз, ыстық су/бу тетігін I қалпына бұраңыз және ағын қалыпты болмайынша аздап су құйыңыз.</p> <p>Бу тетігін ағын қалыпты болмайынша I қалпына бұрау арқылы аздап су құйыңыз.</p>

 <p>ТҰРАҚТЫ</p>  <p>ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА</p>	<p>Өте көп мөлшердегі кофе пайдаланылған</p>	<p>☞ түймесін (B8) бұрау арқылы жеңілірек дәмді таңдаңыз немесе тартылған кофе мөлшерін азайтыңыз.</p>
 <p>ЖЫПЫЛЫҚТ. + ЖЫПЫЛЫҚТ.</p>  <p>ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА</p>	<p>Су айналымы бос</p>	<p>Күю тоқтатылғанша, ыстық су/бу тетігін (A22) іқалпына бұраңыз, одан кейін оны қайтадан 0 қалпына апарыңыз. Ыстық су немесе бу құйылғанда апат сигналы шығарылатын болса, тетікті 0 қалпына бұрап, одан кейін құюды жалғастырыңыз. Егер проблема жойылмаса, су ыдысының (A17) толық енгізілгенін тексеріңіз.</p>
 <p>ТҰРАҚТЫ</p>	<p>Құрылғының іші өте лас</p>	<p>Құрылғының ішін "18. Тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп мұқият тазалаңыз. Бұл хабар тазаланған соң да көрсетілсе, тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.</p>
 <p>ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА</p>	<p>Тазаланғаннан кейін, демдеу торы (A7) орнына салынбаған</p>	<p>Демдеу торын "18.9 Демдеу торын тазалау" тарауында сипатталғандай етіп енгізіңіз.</p>
 <p>ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА</p>	<p>Ыстық су/бу тетігі (A22) бұралуы керектігін көрсетеді</p>	<p>Ыстық су/бу тетігін бұраңыз.</p>

## 25. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Төменде кейбір ықтимал ақаулықтар көрсетілген.

Егер проблема сипатталғандай әдіспен шешілмесе, тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

ПРОБЛЕМА	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБИ	ШЕШІМІ
Кофе ыстық емес.	Кеселер алдын ала қыздырылмайды.	Кеселерді ыстық сумен шаю арқылы алдын ала жылытыңыз (Ескеріңіз: ыстық су функциясын пайдалана аласыз).
	Құрылғының ішкі айналымдары суып қалған, себебі соңғы кофе жасалғалы 2/3 минут өткен.	Кофе жасамас бұрын, ☉ белгішесін (B15) басу арқылы ішкі айналымдарды шайыңыз.
	Төменгі кофе температурасы орнатылды.	Мәзірден жоғарырақ кофе температурасын орнатыңыз.
Кофе көпіршігі жеткілікті емес.	Кофе тым ірі етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін (A5) сағат тілі бағытына қарсы 1 санына қарай бір рет бұраңыз (8-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі ("15.1 Кофе тартқышты реттеу" бөлімін қараңыз).
	Кофе жарамсыз.	Эспрессо құрылғылары үшін тартылған кофе пайдаланыңыз.
Кофе тым баяу құйылады немесе тамшылап тұрады.	Кофе тым майда етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін (A5) сағат тіліне қарсы бағытта 7 санына қарай бір рет бұраңыз (8-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі ("15.1 Кофе тартқышты реттеу" бөлімін қараңыз).

Құрылғы кофе жасамайды	Құрылғы өзінің ішкі айналымында анықтаса, жыпылықтайды	Құрылғының қайта пайдалануға дайындығын тексеріп, қажетті сұйықтықты қайта таңдаңыз. Егер проблема жойылмаса, тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.
Демдеу торын шығару мүмкін емес	Құрылғы ажыратылмаған	Құрылғыны түймесін басу арқылы өшіріңіз ("7. Құрылғыны өшіру" бөлімін көріңіз).
Қақ тазалау соңында құрылғы үшінші шаюды талап етеді	Екі шаю циклі барысында су ыдысы MAX деңгейіне дейін толтырылмаған.	Құрылғы көрсететін нұсқауларды орындаңыз, бірақ алдымен су тасып кетпес үшін тамшы науасын босатыңыз.
Көпіршітілген сүтте үлкен көбіктер бар	Сүт жеткілікті деңгейде салқын емес немесе ол жартылай шайқалмаған	Т о қ а з ы т қ ы ш т е м п е р а т у р а с ы н д а ғ ы (шамамен 5°C) м а й с ы з д а н д ы р ы л ғ а н немесе жартылай майсыздандырылған сүтті пайдаланған жөн. Егер нәтиже сіз қалағандай болмаса, басқа компанияның сүтін пайдаланып көріңіз.
Сүт көпіршітілмеген	Каппучино жасағыш (A20) кірлеген	"18. Тазалау" бөлімде сипатталғандай етіп тазалаңыз.
Бу шығару тоқтатылады	Қауіпсіздік құрылғысы буды тоқтатып тастайды	Бірнеше минут күте тұрыңыз да, бу функциясын қайта қосыңыз.